

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 наурыздағы № А-3/64 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 31 наурызда № 1-8-111 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 1153 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 06.11.2014 қарашадағы № 1153 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына , «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына , «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру туралы» 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырудан босатылуға құқығы жоқ, сондай-ақ жиырма жеті жасқа толмаған, оқу орындарынан шығарылған және белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермеген еркек жынысты азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру «Ақмола облысы Астрахан ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын және бекітілсін.

3. Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу кестесі 2011 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда, 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.С. Ысқақоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысы Астрахан ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы С.Кантемиров

«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысы ішкі істер департаменті Егіндікөл ауданының ішкі істер

бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Сақанов

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының бас дәрігері

Т.Ахмедов

Егіндікөл

ауданы

әкімдігінің

2011

жылғы

17

наурыздағы

№

А - 3 / 64

қаулысымен

Бекітілді

1 қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Кантемиров Юрьевич	Сергей	«Ақмола облысы Астрахан ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік бастығы, (келісім бойынша)	Астрахан жөніндегі мемлекеттік комиссия	ауданының біріктірілген мекемесінің төрағасы,
Ысқақова Советкызы	Жанат	Егіндікөл ауданы әкімінің комиссия төрағасының орынбасары		орынбасары,
Комиссия мүшелері:				

Әбішев Қырықбайұлы	Қайыргелді	«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Егіндікөл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, (келісім бойынша)
Тасқынбай Тасқынбайұлы	Темір-Болат	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы, (келісім бойынша)
Пистоль Аркадьевна	Римма	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының медициналық бикесі, комиссия хатшысы, (келісім бойынша)

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 17 наурыздағы
№ А - 3 / 64 қаулысымен
Бекітілді
2 қосымша

Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу кестесі 2011 жылғы сәуір–маусымда және қазан-желтоқсанда

№ р/н	Село және селолық округтердің атауы	Комиссияның жұмыс күндері және шақырушылардың саны			
		01.04	04.04	04.05	12.05
1	Абай селосы				7
2	Спиридоновка селосы				21
3	Алакөл селолық округі			21	
4	Бауман селолық округі		8		
5	Буревестник селосы		4		
6	Егіндікөл селосы	50	7		
7	Жалманқұлақ селолық округі		3		
8	Қоржынкөл селосы		8		
9	Ұзынкөл селолық округі				

кестенің жалғасы

Комиссияның жұмыс күндері және шақырушылардың саны	

29.06	03.10	05.10	16.11	17.11	22.12
	10				
				24	
					24
	10				
	8				
		50	50		
	5				
	12				
13				15	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК